

«Бекітемін»

«Дарын» РҒПО директор м.а.

 А. Каркулова

«28»  2025 жыл



Лингвистика бойынша республикалық іріктеу олимпиадасын өткізу туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Бұл ереже лингвистика бойынша республикалық іріктеу олимпиадасының (әрі қарай - Олимпиада) мақсатын, міндеттерін, өту тәртібін және мерзімін анықтайды.

2. Олимпиаданың негізгі мақсаты – оқушылардың «қолданбалы лингвистика» пәнін оқуға қызығушылығын ынталандыру, жалпы білім беруде ой-өрістерін дамыту, ғылыми білімді насихаттау, лингвистикадан халықаралық олимпиадаға қатысу үшін олимпиадалық резервін құру.

3. Олимпиада қолданбалы лингвистика бойынша өткізіледі. Республикалық әдістемелік кеңес (бұдан әрі – Әдістемелік кеңес) Олимпиада тапсырмаларының жиынтығын қазақ және орыс тілдерінде барлық кезеңдерге ұсынады.

4. Олимпиада аудандық/қалалық, облыстық және республикалық кезеңдерден тұрады:

- аудандық/қалалық кезең - қараша айының бірінші онкүндігінде;
- облыстық кезең - қараша айының екінші онкүндігінде;
- республикалық кезең - желтоқсан айының бірінші онкүндігінде өтеді.

5. Облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармалары, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымдары (бұдан әрі – «НЗМ» ДББҰ) және республикалық білім беру ұйымдары (бұдан әрі - РББҰ) әдістемелік кеңес дайындаған тапсырмалар бойынша аудандық/қалалық, облыстық кезеңдерді өткізеді.

6. Республикалық кезеңді Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің Оқу ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми - практикалық орталығы (бұдан әрі – «Дарын» РҒПО) өткізеді.

7. Олимпиаданың әрбір кезеңі тек бір кезеңнен тұрады.

8. Олимпиаданың барлық кезеңдерінде апелляция қарастырылмаған.



2. Олимпиадаға қатысушылар

9. Олимпиадаға республиканың білім беру ұйымдарының 8-11 (12) сынып оқушылары ерікті негізде қатысады.

10. Аудандық/қалалық кезеңнің қорытындысы бойынша ең жоғары ұпай жинаған 4 қатысушы облыстық кезеңге іріктеледі.

11. Облыстық кезеңнің нәтижесі бойынша ұйымдастыру комитеті Олимпиаданың республикалық кезеңіне қатысушылардың тізімін бекітеді.

12. Әр облыс, Астана, Алматы және Шымкент қалалары, «НЗМ» ДББҰ және РББҰ облыстық кезеңнің нәтижесіне сәйкес ең жоғары балл жинаған 3 қатысушыдан тұратын команданы ұсынады.

13. Қорытынды кезеңге жіберу және тіркеу облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының, «НЗМ» ДББҰ мен РББҰ өтінімдері негізінде жүзеге асырылады. Өтінімде қатысушының тегі, аты, білім беру ұйымының атауы, Олимпиаданың алдыңғы кезеңдерінің нәтижесі көрсетілуі тиіс.

14. Халықаралық лингвистикалық олимпиада (IOL) қатысушылары олимпиаданың алдыңғы кезеңдерінен өтпей-ақ республикалық кезеңге қатысуға жіберіледі.

3. Олимпиада кезеңдерін ұйымдастыру және өткізу тәртібі

15. Олимпиаданың әдістемелік кеңесі:

- олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу ережелерін әзірлейді, бекітеді және олимпиаданың барлық кезеңдерін ұйымдастыру комитетіне жібереді;

- тапсырмаларды құрастырып, олимпиаданың барлық кезеңдеріне арналған тапсырмалар жиынтығын жасайды;

- олимпиаданың барлық кезеңдеріне тапсырмаларды жеткізуді қамтамасыз етеді.

16. Академиялық адалдықты, олимпиаданы өткізудің ашықтығын, қатысушылардың жұмыстарын объективті бағалауды қамтамасыз ету үшін өңірлерде бірінші басшысы басқаратын өңірлік ұйымдастыру комитеті құрылады.

17. Өңірлік ұйымдастыру комитеті Олимпиада тапсырмаларын қабылдап алуға және сақтауға, сондай-ақ тапсырмалармен жұмыс істеу кезінде құпиялылық ережелерін сақтауға жауапты адамды тағайындайды.

18. Өңірлік ұйымдастыру комитеті аудандық/қалалық және облыстық кезеңдерге қатысушылардың жұмыстарын объективті түрде тексеру және бағалау үшін қазылар алқасының мүшелерін тағайындайды.

19. Өңірлік ұйымдастыру комитеті аудандық/қалалық және облыстық кезеңдерде қатысушылардың жұмыстарын шифрлауды (иесіздендіруді), сондай-ақ шифрланған жұмыстарды интернет-ресурстарда жариялауды жүзеге асырады.

20. Өңірлік ұйымдастыру комитеті Олимпиаданы ұйымдастырушыға нәтижені (хаттамаларды) бекіту үшін ұсынады.

4. Олимпиаданың әр кезеңдерінің қазылар алқасы

21. Бекітілген бағалау өлшемшарттарына сәйкес орындалған тапсырмаларды бағалайды.

22. Олимпиадаға қатысушының сұрауы бойынша орындаған тапсырмаларын көрсетеді және Олимпиаданың нәтижесін қатысушыларға ұсынады.

23. Олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін рейтинг негізінде және тиісті кезеңді ұйымдастырушы белгілеген квотаға сәйкес анықтайды.

24. Қазылар алқасының құрамына жоғары оқу орындарының оқытушылары, докторанттар мен магистранттар, республикалық және халықаралық олимпиадалардың бұрынғы жеңімпаздары, әдіскерлер, жоғары біліктілігі бар тәжірибелі мұғалімдер кіреді. Қазылар алқасының құрамына оқушылары олимпиада қатысушысы болып табылатын мұғалімдер кіре алмайды.

4. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау

25. Олимпиаданың республикалық кезеңінің барлық қатысушыларына Олимпиадаға қатысушы сертификаттары беріледі.

26. Олимпиаданың республикалық кезеңінің жеңімпаздары мен жүлдегерлері «Дарын» РҒПО дипломдарымен марапатталады. Жеңімпаздар саны қатысушылардың жалпы санының 45 пайызын құрайды. Олимпиаданың республикалық айналымындағы I, II және III дәрежелі дипломдардың саны мынадай пропорция негізінде айқындалады: жеңімпаздар санының 50%-ы III дәрежелі дипломдармен, 30%-ы II дәрежелі дипломдармен, 20%-ы I дәрежелі дипломдармен марапатталады.